# Мықты иммунитет – адам денсаулығының кепілі

Салауатты өмір салты біздің мақсаттарымыз бен міндеттерімізді орындауға, жоспарларымызды ойдағыдай жүзеге асыруға, қиындықтарды жеңуге, қажет болған жағдайда шамадан тыс жүктемелермен күресуге көмектеседі. Адамның өзі сақтайтын және нығайтатын денсаулығы оған ұзақ және қуанышқа толы өмір сүруге мүмкіндік береді.

Денсаулық - бұл әр адамның және бүкіл қоғамның баға жетпес байлығы. Жақын адамдармен кездесу немесе қоштасу барысында біз әрқашан оларға денсаулық тлейміз, өйткені бұл толыққанды және бақытты өмір сүрудің басты шарты. Елімізде жыл сайын бірнеше миллион адам ЖРВИ мен маусымдық вирустардан зардап шегеді. Мұның себебі - халықтың 80% - дан астамының иммунитеті әлсіз. Бүкіл әлемде Covid-19 коронавирус пандемиясы өршуде. Джонс Хопкинс Университетінің жиынтық статистикасына сүйенсек, пандемия басталғаннан бері әлемде 22 миллионнан астам адам коронавирусты жұқтырған.

Адамның иммунитеті - бұл оның денесінің әртүрлі «жаулардан», яғни бөтен генетикалық ақпарат тасымалдауыштан, қорғану қабілеті. Бір жағынан, иммундық жүйе денені қорғаса, екіншіден оның күйі адамның жалпы денсаулығына тәуелді болып келеді. Егер адам белсенді, мықты, ширақ және көңілді болса, онда оның иммунитеті қалыпты күйде болады, ал керсінше әлсіздік және енжарлық танытса, онда иммундық жүйе де сәйкесінше нашар келеді.

«ШҚ АШТС» ЖШС мамандары Қазақ тамақтану академиясының ғылыми қолдауымен бал мен панталар негізінде профилактикалық диеталық тамақтанудың жаңа мамандандырылған азық-түлік өнімін әзірледі. «Катон-Қарағай аңыздары» өнімдер сериясынандағы «Катон-1, Katon-2 Katon-3 Katon-4» бал мен пантыға негізделген профилактикалық диеталық тамақтанудың мамандандырылған азық-түлік өнімі иммунитетті арттыратын, жалпы сергітетін, адаптогендік құрал ретінде қолданылады. Технологияда белгілі қасиеттері бар улы емес заттар қолданылады.

**Бал** - 300-ден астам түрлі заттардан тұратын табиғи өнім: оның құрамында фруктоза мен глюкоза, күл элементтері, ферменттер, органикалық қышқылдар, азот қоспалары, дәрумендер, хош иісті, биологиялық белсенді және басқа заттар бар.

**Марал мүйізі** – ерекше өнім. Пантылар - бұл биологиялық белсенді заттардың табиғи кешенінің өсу және максималды жинақталу кезеңінде алынған сүйегі қатып үлгермеген маралдардың мүйіздері. Марал мүйізінің құрамы өте бай – бұл амин қышқылдары, коллаген, витаминдер мен минералдық заттар (темір, кальций, магний, натрий, фосфор, калий, марганец, селен, кобальт, мыс және мырыш, сондай-ақ йод). Мүйіз құрамындағы заттар асқазан-ішек жолдарының тонусын жақсартады, ас қорыту бездерінің секреторлық және ферментативті қызметін

ынталандырады, дененің қалпына келтіру процестерін белсендіреді және әйел мен еркек ағзасына жақсы әсер етеді.

**Гүл тозаңы**. Тозаң құрамында 50-ден астам түрлі заттар бар (B, C, E, A тобының дәрумендері; феноқышқылдар мен флавоноидтар; амин қышқылдары; полисахаридтер, дисахаридтер; диеталық талшықтар; крахмал; минералды заттар), денені қажетті күшпен, денсаулықпен қанықтырады, деструктивті үдерістерден тиімді қорғаныс береді.

Бұл өнім тіркеу сатысында.

